

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

ЗАҢДЫ ТҮЛГЕ 2018 ж. «12» «09»

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУДЕН ӨТКІЗІЛДІ

№ 645-1915-01 АО КҮӘЛІК

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ

2018 ж. «11» «05»



Атырау облысы әкімдігінің
2018 жылғы «4» сәуірі № 22 қаулысымен
бекітілген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

2018 ж. «11» «05» ЖҮРГІЗІЛДІ

100540004181 БИЗНЕС-СӨЙКЕСТЕНДІРУ

НОМІР (БСН) БЕРІЛДІ

**«Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Атырау қаласы, 2018 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жарғы «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - қоғам) осы жарғысы оның атауын, тұрғылықты орнын, оның органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, қайта құрылу және қызметін тоқтату жағдайын және Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да ережелерін айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: Акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Атырау»;

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Атырау» ӘКК» АҚ;

орыс тілінде: АО «СПК «Атырау»;

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Қ. Сәтпаев көшесі, 23 «Б» үй.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асыра алады, міндеттер алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

6. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, бланктері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны, сондай-ақ корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі

10. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік алады.

11. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

4. Қоғамның мақсаттары мен қызметінің түрлері

12. Қоғамның негізгі қызметі мемлекеттік және жеке секторларды шоғырландыру арқылы Атырау облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

13. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

1) қоғамның жарияланған акцияларын төлеуге берілген мемлекеттік активтерді басқарудың тиімді жүйесін құру;

2) инвестициялар мен инновацияларды тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру;

3) кластерлік өндірісті дамыту және жаңа технологияларды енгізу жолымен шағын және орта бизнестің өнімділігін арттыруға жәрдемдесу;

4) инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

5) әлеуметтік саланы дамытуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және іске асыруға қатысу;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен пайдалы қазбалардың түрлері мен қорлары көлемінің тізбесінде айқындалған пайдалы қазбаларды, оның ішінде кең таралған пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, қайта өңдеу;

7) мемлекеттік меншік активтерінің бір бөлігін, жерді Қоғамның меншігіне беру бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

8) қоғамның жарияланған акцияларын төлеуге мемлекет берген ұйымдарды оңалту және қайта құрылымдау жөніндегі жобаларды әзірлеу және іске асыру немесе олардың негізінде жаңа өндірістерді құру;

9) бизнес-жобаларды, оның ішінде концессиялардың және кластерлік бастаманың негізінде іске асыру, концессиялық ұсыныстар бойынша, конкурстық құжаттама бойынша, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде, концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдер бойынша, концессия шарттары жобалары бойынша, оның ішінде концессия шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде қорытындылар әзірлеу бойынша сараптама жүргізу;

10) шағын және орта бизнесті дамыту үшін институционалдық жағдайлар жасау;

11) мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған өндірістер құру;

12) жергілікті бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестиция есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бойынша бюджеттік инвестициялар мен жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды экономикалық бағалау және экономикалық сараптау;

13) мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде іске асырылатын инвестициялық жобаларды жасақтау және оларға қатысу;

14) әлеуметтік инфрақұрылымдық және концессиялық жобаларды іске асыру;

Қолы

15) жергілікті бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестиция есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бойынша бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру және бақылау;

16) ауыл шаруашылығы, соның ішінде балық шаруашылығы, өнімдерін өндіруді, қайта өңдеуді, сақтауды, тасымалдауды және өткізуді қосқанда агроөнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыру;

17) ілеспе өндірістерді дамытуды және оларды қазіргі заманғы техникамен, технологиялық жабдықтармен, қаражатпен, ақпараттық және басқа да ресурстармен қамтамасыз етуді қосқанда тамақ өнеркәсібі саласында қызметін жүзеге асыру;

18) өңірдің экологиялық проблемаларын шешуге бағытталған қоршаған ортаны қорғау саласындағы жобаларды іске асыру.

Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметті Қоғам тиісті лицензиясы болған кезде жүзеге асырады.

Қоғам оны құрудың мақсаттарына қайшы келмейтін өзге қызметті жүзеге асыруға құқылы.

5. Қоғамның мүлкі мен капиталы

14. Қоғамның мүлкі:

- 1) акционерлер Қоғам акцияларын төлеуге берген мүліктің;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістердің;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүліктің есебінен құралады.

15. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

6. Қоғамның бағалы қағаздары

16. Қоғам жай акциялар шығарады. Жай акция оны иеленетін әрбір акционерге жай акциялардың басқа иелерімен бірдей көлемде құқықтар береді. Қоғам басқа құнды қағаздар шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналымы және өтеу Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен белгіленеді.

17. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.

18. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді онымен жасалған шарттың негізінде Қоғамның тіркеушісі жүзеге асырады.

Эмитент туралы, эмитент шығарған бағалы қағаздар, бағалы қағаздарды ұстаушылар және олардың жеке шоттары бойынша тіркелген операциялар туралы мәліметтер және басқа да ақпараттар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және тіркеушінің ішкі құжаттарында белгіленген

Қосы

тәртіппен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіне енгізілуге тиіс.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін құрайтын құжаттар тізбесі, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыру, сақтау және жүргізу тәртібі, жеке шоттардан үзінді көшірмелердің нысандары мен оларда көрсетілетін мәліметтердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

19. Қоғам орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана кепілдікке қабылдайды.

20. Қоғамның акцияларын кепілге салу құқығын осы Жарғының ережелерімен шектеуге немесе алып тастауға болмайды.

7. Қаржыландыру және Қоғамның табысы

21. Қоғамның таза табысы акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді.

22. Қоғам акционерлеріне дивидендтер төлеу жылына бір рет жүргізіледі. Дивидендтер есептеу және төлеу туралы шешімді жыл қорытындылары бойынша акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Дивидендтер оларды төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап тоқсан күннен кешіктірмей төленеді.

Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, қоғамның акциялары бойынша дивидендтер акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

23. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) өз капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы мен ақшалай міндеттемелерді немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

8. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

24. Қоғам акционерінің:

Ақс

1) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында (бұдан әрі – Заң) және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

4) тіркеушіден немесе атаулы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын көшірмелер алуға;

5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

7) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, осы Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраныс беруге және Қоғамға сұраныс келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алуға құқығы бар.

11) акционерлердің жалпы жиналысының осы Заңда көзделген тәртіппен қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы.

25. Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:

қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде;

егер қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі қоғамда залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.

26. Ірі акционердің, сондай-ақ:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап арызбен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

27. Қоғам акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеуші мен атаулы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілеріне сәйкес өзге міндеттерді орындауға міндетті.

9. Қоғамның органдары

28. Қоғамның органдары:

1) жоғары орган – акционерлердің жалпы жиналысы (егер барлық дауыс беретін акциялар бір акционерге тиесілі болса - сол акционер);

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы органы – Басқарма;

4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – ішкі аудит қызметі.

10. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы

29. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

6) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын

айқындау;

7) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

8) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

9) Қоғамның есепті қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;

10) осы Жарғының 23-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

11) Қоғамның акцияларын ерікті делистингтеу туралы шешім қабылдау;

12) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиынтығында жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамның акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау нысанын айқындау және мұндай ақпаратты бұқаралық аппарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;

14) қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін және оның өзгерістерін бекіту;

15) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

16) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

17) Қоғамның нормативтік актілерін және оның тізімдемесін дайындау, ресімдеу, қабылдау, қолданысқа енгізу, өзгерту және толықтыру тәртібін бекіту;

18) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

19) Заңда және осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

30. Осы Жарғының 29-тармағының 2, 3, 4, 14) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша жалпы жиналыстың шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Жалпы жиналыстың қалған мәселелері бойынша шешімдер Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

31. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында Қоғамның коммерциялық құпиясын құрамайтын мәселелерді талқылау кезінде Қоғамның акционерлері болып табылмайтын тұлғалар қатыса алады және сөз сөйлей алады. Көрсетілген тұлғалардың акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

11. Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру тәртібі

32. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады.

33. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

- 1) директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

34. Ерікті түрде таратылу процесіндегі қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

35. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:

- 1) атқарушы орган;
- 2) жасалған шартқа сәйкес қоғамның тіркеушісі;
- 3) директорлар кеңесі;
- 4) қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

36. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды қоғам көтереді.

37. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қоғам органдары осы Жарғыда белгіленген акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда, кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

38. Егер қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

12. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі

39. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңға, осы Жарғыға және қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге құжаттарға сәйкес не тікелей акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен белгіленеді.

40. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі

акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

41. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

42. Акционерлердің жалпы жиналысы Заңмен белгіленген тәртіпте кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

43. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылуы мүмкін емес.

44. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды.

45. Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

46. Жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы Басқармаға кіретін жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

47. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

48. Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөз сөйлеу акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгет жасауға құқығы жоқ.

49. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

50. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

51. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуына жауап береді.

52. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруі арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге, не акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

53. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен қоғамның дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ.

54. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс. Акционерлерінің саны бес жүз және одан да көп қоғам акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей, сырттай дауыс беретін болған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабармен бірге жарғыда белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

55. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) қоғам басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді тапсыратын соңғы күн;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысы отырысының өткізілетін күні не акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, сырттай дауыс беру үшін дауыстар есептелетін күн;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
- 7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің "жақтайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

56. Акционер - заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қойып, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуы тиіс.

57. Акционер-заңды тұлғаның басшысы қол қоймаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі. Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана мүмкін болатын нұсқасы белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

58. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсететін орын болуы тиіс.

Егер акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілген жағдайда тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер барлық акционерлерден дауыстарды санау белгіленген күннен бұрын келіп түскен

болса, онда дауыстарды уақытынан ертерек күні санауға жол беріледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі;

Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді бұрын жіберген акционер акционерлердің аралас дауыс беру пайдаланылатын жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.

59. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру келесі жағдайларды қоспағанда «бір акция-бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санына шектеулер қойылғанда;

2) директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс бергенде;

3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беру.

60. Акция бойынша берілетін кумулятивтік дауыс беру кезінде директорлар Кеңесі мүшелеріне акционер бір кандидатқа толық дауыс беруі мүмкін, немесе директорлар Кеңесі мүшелігіне бірнеше кандидаттар арасында бөлінуі мүмкін. Ең көп дауыс берілген кандидаттар директорлар Кеңесіне сайланады.

61. Егер көзбе-көз түрінде өткізілетін Акционерлердің Жалпы жиналысында жабық түрде дауыс берген жағдайда осындай дауыс беру бюллетендері жабық әдіспен дауыс беру жөніндегі әрбір жеке мәселе бойынша жасалуы тиіс. Бұл ретте көзбе-көз жасырын дауыс беру бюллетенінде мыналар көрсетілуі тиіс:

1) күн тәртібінің мәселерін және олардың реттік нөмірін жасақтау;

2) мәселе бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен білдірілген дауыс беру нұсқалары немесе қоғамның органына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны.

62. Көзбе-көз жасырын дауыс беру бюллетеніне акционер өзі қол қойғысы келетін, соның ішінде оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға талап қою мақсатындағы басқа жағдайларды қоспағанда, акционер қол қоймайды.

63. Көзбе-көз жасырын дауыс беру бюллетені бойынша дауыстарды санау кезінде бюллетенде белгіленген дауыс беру тәртібін дауыс беруші сақтаған және дауыс берудің мүмкін болатын нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

64. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы дауыс беру қорытындылары бойынша дауыс беру қорытындылары туралы хаттама дайындап, қол қояды.

65. Дауыс беруге ұсынылған мәселе бойынша акционердің ерекше пікірі болған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

66. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасап, қол қойғаннан кейін көзбе-көз жасырын және сырттай дауыс беруге арналып толтырылған, олардың негізінде хаттама жасалған бюллетендердің (соның ішінде жарамсыз деп табылған бюллетендер) хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамның мұрағатына сақтауға тапсырылады.

67. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына тіркелуі тиіс.

68. Дауыс беру қорытындысы дауыс берілген Акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

69. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

70. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуы тиіс.

71. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыты және орны;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;

8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан адамдардың сөйлеген сөздері;

9) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлер дауыстарының жалпы саны;

10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

11) акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер көрсетіледі.

72. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) және хатшысы;
- 2) қоғамның есеп комиссиясының мүшелері;
- 3) қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін және акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қоюы тиіс.

Хаттамаға қол қоюға міндетті адамның қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі не Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар адам хаттамаға қол қояды.

73. Осы Жарғының 72-тармағында көрсетілген тұлғалардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, аталған тұлға хаттамаға қоса тіркелетін бас тарту себебінің жазбаша түсініктемесін ұсына отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы.

74. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қою және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар Басқармада сақталуы және акционерлерге танысу үшін кез келген уақытта берілуі тиіс.

13. Директорлар кеңесі

75. Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 8) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімдерін айқындау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Басқарма басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және оған еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;
- 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

Қол

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

13) тізбесі Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту, (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы (иелігінен шығару) шешімдерін қабылдау;

16) Қоғамның міндеттемелерін оның жеке капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға көбейту;

17) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

18) Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

19) Заңда және осы Жарғысында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге мәселелер.

76. Қоғамның жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

77. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

78. Қоғамның Басқарма төрағасынан басқа мүшелері директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

79. Ішкі аудит қызметкерлері мен Корпоративтік хатшы директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

80. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс.

Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

81. Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 және одан көп пайызын құрайды.

82. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Акционерлердің мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

83. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

84. Директорлар кеңесінің шешімі дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан жай қарапайым дауысымен қабылданады. Дауыстардың саны тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесі мәжілісіне төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

85. Мына тұлғалар:

- 1) жоғары не арнаулы орта білімі жоқ;
- 2) заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 3) бұрын осы тұлға басшылық жасаған уақытта банкрот болып танылған немесе консервацияға, санацияға, мәжбүрлеп таратуға ұшырағанға дейін бір жылдан артық емес кезеңде Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (Басқарма төрағасы), басшының орынбасары, заңды тұлғаның бас бухгалтері болған тұлға Директорлар кеңесіне мүше бола алмайды. Мұндай шектеу банкроттық, консервация, санация, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.

86. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционер - жеке тұлға;
- 2) акционерлердің мүдделерін білдірушілер ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) тұлғалар;
- 3) қоғамның акционері болып табылмайтын және директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады.

87. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз рет қайта сайлана алады. Жаңа директорлар кеңесін сайлау өтетін Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде директорлар кеңесі өкілеттік мерзімі аяқталады.

88. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

89. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлау негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

90. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

91. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

92. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ қоғам жарғысында белгіленген өзге функцияларды жүзеге асырады.

93. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

94. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері:

1) Қоғамның жарғысында көзделген тәртіпте Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға;

2) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізетін күнге дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей мұндай толықтырулар туралы Қоғамның акционерлеріне хабарлау шартымен Акционерлердің жалпы жиналасының күн тәртібіне толықтырулар енгізуге немесе Заңның 43 бабы 4-тармағында белгіленген тәртіппен хабарланған жағдайда;

3) Директорлар кеңесі қызығушылық туғызған мәселелер бойынша Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін өз отырыстарында тыңдай отырып, қажет болған жағдайда Қоғамның лауазымды тұлғаларынан кез келген ақпаратты алуға құқылы;

95. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері:

1) өзіне жүктелген міндеттерді адал орындауға және Қоғам мен оның акционерлерінің мүдделерін мейілінше айқындайтын тәсілдерді қолдануға;

2) қоғамның мүлкін пайдаланбауға және оны Қоғамның жарғысы мен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетіндей етіп, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермеуге және өзінің артықшылық берілген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде өз жағдайын теріс пайдаланбауға;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің толықтығын қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпараттарды жариялауды және ұсынуды бақылауға;

5) Қоғамның қызметінің мәселелері бойынша коммерциялық құпиялар мен ақпараттар құпиялығын жарияламау туралы заң талаптарын сақтауға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның жарғысында көзделген өзге міндеттемелерді орындауға міндетті.

96. Директорлар кеңесі жыл сайын акционерлердің Жылдық жалпы жиналысында акционерлердің жалпы жиналысы алдында өз қызметі туралы есеп береді. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмысы келесі ақпараттарды қамти отырып, оның қызметі туралы жылдық есептілікке сәйкес бағаланады:

- 1) Директорлар кеңесі мүшелері бастама көтерген мәселелер туралы, олардың іске асырылуы және қол жеткен нәтижелері туралы мәліметтер;
- 2) Қоғамның қызметін жетілдіру жөніндегі тұжырымдар мен ұсыныстар;
- 3) Директорлар кеңесінің мүшелері қатысқан отырыстар саны (қатысу статистикасы).

97. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және қоғамға келтірілген залалдар үшін:

- 1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;
- 2) осы Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;
- 3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда.

Заңда және (немесе) қоғамның жарғысында көзделген жағдайларда, акционерлердің жалпы жиналысының ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде қоғамға залал келтірілсе, оларды жасасуды ұсынған лауазымды адамды немесе өзі мүше болып табылатын қоғам органының отырысында, оның ішінде олар не олардың аффилиирленген тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды адамды жауаптылықтан босатпайды.

98. Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін дұрыс орындамағаны үшін директорлар кеңесінің төрағасы акционерлердің жалпы жиналысына директорлар кеңесінің тиісті мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш беруге құқылы.

99. Аса маңызды мәселелерді қарау және директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін қоғамда директорлар кеңесінің комитеттері құрылуға тиіс.

100. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы қоғамның директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатында белгіленеді.

101. Қоғам басқармасының төрағасы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

14. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

102. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

103. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

104. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен, атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Басқармашыға Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқандығы туралы директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапты алған соң бес жұмыс күні ішінде хабарлама берілуі тиіс.

Бұл ретте директорлар кеңесі отырысын шақырудан бас тарту себептерін баяндау арқылы директорлар кеңесі төрағасының хаты бас тарту ретінде танылады. Көрсетілген мерзімдерде жазбаша хабарламаның болмауы директорлар кеңесі төрағасының директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы ұсынылған талапқа сәйкес шақырғандығын білдіреді.

105. Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесі төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен он жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруы тиіс.

106. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты білдірген тұлғаны міндетті шақырумен өткізіледі.

107. Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібін:

- 1) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметі;
- 3) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым (келісім бойынша);
- 4) Қоғамның ірі акционері;
- 5) Қоғамның басқармасы дайындайды.

108. Күн тәртібі келесі мазмұндағы шешімдер жобасымен бірге ұсынылады:

1) мәселенің қысқаша мәнін баяндайтын директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер атауы;

2) іске асыруға қабылданған шешімдер негізінде заңнама және/немесе шарт және/немесе Қоғам жарғысының нормаларына және шешім қабылдау мақсатына нұсқаудан тұратын кіріспе сөзбасы;

3) мәселе бойынша шешімдер (мысалы: бекітілсін, ...қаперге алынсын..., сайлансын..., анықталсын... және т.б.);

4) егер қабылданған шешім біржолғы сипаттағы қосымша шаралар қабылдау қажеттігін тудыратын болса, қабылданған шешімдерден туындайтын шараларды қабылдау жөніндегі Басқарма тапсырмалары;

5) қабылданған шешімдерді іске қосу мерзімі.

109. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне міндетті түрде келесі мәселелер енгізілген күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар жалғануы тиіс:

1) егер шешімде осындай бекітуді көздесе, бекітілетін құжат;

2) шақыру бастамашысы немесе оның уәкілетті өкілі қол қойған, шешімді қабылдау қажеттілігін негіздеу арқылы екі беттен артық емес түсіндірме жазба.

110. Шешімнің жобасына қарай материалдарда ақпараттық хабарламалар, талдамалық және маркетингтік зерттеулер, кандидаттардың мінездемелері, тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің ерекшеліктерімен шарттардың жобалары және қаралуы негізделген шешім қабылдауға ықпал ететін басқа құжаттар болуы мүмкін.

111. Шешім жобасында Заңмен және Қоғамның жарғысымен белгіленген оның құзыретінің мәселелері бойынша ғана директорлар кеңесінің шешімін қабылдауды көздеуі тиіс.

112. Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер жобасын директорлар кеңесіне қарауға енгізуге рұқсат етілмейді.

113. Шақырудың бастамашылары Директорлар кеңесі төрағасы мен Басқарманы қоспағанда, шақыру талабы құқын іске асыру кезінде осы Жарғының 114-тармағында қарастырылған зардаптарды есепке ала отырып күн тәртібі мәселелері бойынша шешім жобасы мен материалдарды күн тәртібіне тіркемеуге құқылы.

114. Шақыру бастамашысы ұсынған күн тәртібінде Директорлар кеңесі шешімінің жобасы мен күн тәртібі мәселелерінің материалдары болмаған жағдайда, отырысты шақыру туралы талап келіп түскен кезден бастап он күзтінбелік күн күннен артық емес мерзімге кейін қалдырылуы мүмкін.

115. Басқарманың директорлар кеңесінің отырысын шақыруы тұрақты негізде жұмыс істейтін Басқарма хатшысы дайындайтын хаттамамен ресімделеді.

116. Директорлар кеңесінің отырыстарына Қоғам басқармасының мүшелері мен басқа шақырылған тұлғалар қатысуы мүмкін.

117. Директорлар кеңесінің мүшесі Басқарманы директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

118. Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатысатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

119. Директорлар кеңесінің шешімдері директор кеңесіне қарауға ұсынылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

120. Директорлар кеңесінің отырысында дауыс берудің келесі нысандары қолданылады:

Handwritten signature

- көзбе-көз;
- сырттай;
- аралас.

Бұл ретте дауыс беру нысаны директорлар кеңесінің тиісті отырысын шақыру туралы шешімде белгіленеді.

121. Көзбе-көз және сырттай дауыс беру кезінде (соның ішінде аралас) Жарғының 122-тармағына сәйкес келетін дауыс беру бюллетендері мен дауыс беруге шақырылған мәселе (мәселелер) бойынша материалдарды Корпоративтік хатшы директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне дауыс беру туралы талап келіп түскен кезден бастап он күнтізбелік күн ішінде және директорлар кеңесі отырысын өткізу күніне дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей қағаз және электрондық тасығыштарда таратады (жібереді).

122. Бюллетеньде:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысы отырысының өткізілетін күні не акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, сырттай дауыс берілетін дауыстар есептелетін күн;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
- 7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің "жақтайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген мәжілісінің шешімі Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып, жазбаша түрде ресімделеді.

123. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюы тиіс.

124. Директорлар кеңесінің мүшесі қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп табылады.

125. Директорлар кеңесінде дауыс беру қорытындыларына ықпал ету мақсатында дауыс беру бюллетеньдерін Директорлар кеңесінің жеке мүшелеріне таңдап жіберуге тыйым салынады.

126. Директорлар кеңесінің мүшесі толтырылған бюллетеньдерді сырттай дауыс беру бюллетенінде белгіленген мерзімде Корпоративтік хатшыға тапсырады.

